

Комаров - Қазақстан Республикасы Қаржы
Геннадий Григорьевич министрлігінің Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитеті төрағасының
орынбасары

Меркель - Қазақстан Республикасының
Иоган Давидович Әділет бірінші вице-министрі

Өзбеков - Қазақстан Республикасының Қаржы
Ғани Нұрмаханбетұлы вице-министрі

Өтембаев - Қазақстан Республикасының
Ерік Мылтықбайұлы Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының
орынбасары - Қазақстан
Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі
Хатшылығының меңгерушісі (келісім

бойынша)

Сүлейменов - Қазақстан Республикасы ішкі
Қайырбек Шошанұлы әскерлерінің қолбасшысы - Қазақстан
Республикасының Ішкі істер
министрлігі Ішкі әскерлер

комитетінің төрағасы

Нұриманов - Қазақстан Республикасының Ұлттық
Мақсұт Әнуарбекұлы қауіпсіздік комитеті төрағасының
орынбасары (келісім бойынша)

Оразбақов - "Қазақстан инжиниринг" ұлттық
Ғалым Избасарұлы компаниясы" ашық акционерлік
қоғамының президенті (келісім
бойынша), хатшы

Ескерту. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 20 мамырдағы N 467
қаулысымен .

Ескерту. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.11.07. N 1117 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 17 қаңтардағы

N 43 қаулысына

қосымша

**Қазақстан Республикасының қорғаныс-өнеркәсібі кешені мәселелері
жөніндегі комиссия туралы**

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібі кешені мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) әскери-техникалық ынтымақтастық мәселелерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібі кешенін (бұдан әрі - ҚӨК) дамытудың негізгі бағыттарына қатысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесуші орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

II. Комиссияның негізгі міндеттері

3. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының өзіндік, сондай-ақ сыртқы саяси, экономикалық және әскери мүдделерін негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының ҚӨК қызметін және дамуын жандандыруға және оны мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге жәрдемдесу;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қорғаныс тапсырысын, бюджеттік қорғаныс бағдарламаларын іске асыруға, шет мемлекеттермен әскери-техникалық ынтымақтастықты дамытуға, әскери мақсаттағы өнімдерді экспорттық беруді арттыруға жәрдемдесу болып табылады.

III. Комиссияның негізгі функциялары

4. Комиссияның негізгі функциялары:

1) ҚӨК-ті дамытуда мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын жетілдіру, әзірлеу және іске асыру жөнінде Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне ұсыныстар дайындау;

2) Қазақстан Республикасының ҚӨК қызметін реттейтін заңнамасын жетілдіру жөнінде Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне ұсыныстар дайындау;

3) Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық және әскери мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында ҚӨК-те (соның ішінде әскери-техникалық ынтымақтастық саласында) жағдайды талдау және болжау;

4) қару-жарақ және әскери техника жасау саласында мемлекеттік бағдарламалар жобаларын белгіленген тәртіппен қарау;

5) әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы проблемаларды қарау

және оларды шешу жөнінде ұсыныстар дайындау;

б) халықаралық әскери-техникалық ынтымақтастық саласында нормативтік құқықтық кесімдер жобаларын әзірлеу жөнінде ұсыныстар дайындау;

7) ҚӨК қызметінің, халықаралық әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы бақылау тиімділігін арттыруға және осы салада мемлекеттік реттеудің басқа міндеттерін шешуге бағытталған ұсыныстар дайындау болып табылады.

IV. Комиссия қызметін қамтамасыз ету

5. Комиссия өзінің негізгі функцияларын орындау үшін:

1) орталық және жергілікті мемлекеттік өкімет органдарынан, сондай-ақ мекемелерден, ұйымдардан және лауазымды тұлғалардан қажетті материалдар мен ақпарат сұратуға және алуға;

2) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Премьер- Министрі Кеңесінің, орталық және жергілікті мемлекеттік билік органдарының дерек банктерін пайдалануға;

3) мемлекеттік, соның ішінде үкіметтік байланыс және коммуникациялар жүйесін пайдалануға;

4) жұмыс үшін қажеттілігіне қарай Комиссияға сарапшылар тартуға;

5) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенті, Әкімшілігімен, Парламент Мәжілісі мен Сенатының аппараттарымен, Премьер-Министр Кеңесімен, Конституциялық Кеңес, Жоғарғы Сот аппараттарымен, Бас прокуратурамен, орталық және мемлекеттік атқарушы биліктің жергілікті органдарымен, сондай-ақ олардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұйымдармен және лауазымды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

6. ҚӨК-ке жетекшілік ететін Премьер-Министрдің орынбасары Комиссия төрағасы, Комиссия төрағасының орынбасары, Комиссия хатшысы, оның мүшелері құрамындағы Комиссия құрылады. Комиссия құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

7. Комиссия төрағасы және Комиссия құрамына кіретін өзге де тұлғалар өз қызметін қоғамдық негізде жүзеге асырады.

8. Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады. <*>

Ескерту. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 20 мамырдағы N 467 қаулысымен .

9. Комиссия жұмысы Комиссия төрағасы бекітетін жоспарлар бойынша жүзеге асырылады.

10. Комиссия отырысын Комиссия төрағасы, ол болмаған жағдайда - Комиссия төрағасының орынбасары жүргізеді. Комиссияның шешімдері ашық дауыспен қабылданады және оған комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікірге құқығы бар, ол білдірілген жағдайда, жазбаша түрде баяндалуы және Комиссия хаттамасына тіркелуі тиіс.

Комиссия отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша, оның отырысқа қатысқан мүшелері қол қоятын хаттама жасалады және оны Комиссия төрағасы бекітеді.

11. Комиссия өз қызметін заңнамада көзделген негіздер бойынша тоқтатады.